



Сыр бойы

№90
(20563)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

15 маусым, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboi@yandex.kz

www.syrboi.kz



www.facebook.com/syrboi.kz/



www.instagram.com/syrboi_kz



https://twitter.com/syrboi



t.me/syrboi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



БАС ПРОКУРОРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокурор Берік Асыпты қабылдады.

Президентке еліміздегі заңдылықтың сақталу жағдайы мен өткен кезеңдегі басым бағыттар бойынша жүргізілген қалағалау жұмыстарының нәтижесі туралы есеп берілді.

Берік Асылов Абай облысындағы өрт дерегі бойынша қозғалған қылмыстық іске қатысты тергеу амалдары жөнінде баяндады. Бас прокурор орынбасарының басшылығымен құқық қорғау және арнаулы органдардың тәжірибелі қызметкерлерінен ведомстволық аралық жедел-тергеу тобы құрылды. Тергеу қорытындысы бойынша лауазымды тұлғалардың әрекеттері мен әрекетсіздігіне құқықтық баға берілді.

Мемлекет басшысына резонанс тудырған қылмыстық істерді тергеу және қоғам мүддесін қорғау жөніндегі жұмыстардың қорытындысы туралы да мәлімет берілді. Әлеуметтік-экономикалық салаларды тексеру нәтижесінде 11 мың адам түрлі деңгейде жауапқа тартылды. Тергеу амалдары жүргізілгеннен кейін бюджетке 10 миллиард теңге қайтарылды. Сотта 15,2 милли-

ард теңге көлемінде мемлекет мүддесі қорғалды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа бизнесті қорғау және маңызды инвестициялық жобаларды қолдау жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы туралы да баяндалды. Атап айтқанда, Бас прокуратураның басқармасымен 2 мыңға жуық кәсіпкерге заңсыз тексеру жүргізуді көздеген әртүрлі министрліктің 9 бұйрығының күші жойылды. Сондай-ақ 2,5 миллиард теңге өндіріп алу жөніндегі 21 мың салық бұйрығы заңсыз деп танылды.

Сонымен қатар Бас прокурор Президентке қылмыстық ахуал және қылмыстық-құқықтық саладағы азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау үшін қабылданып жатқан шаралар туралы айтты.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Абай облысындағы өрттің мән-жайын объективті түрде тергеу маңызды екеніне тоқталып, еліміздің әлеуметтік және экономикалық салаларындағы заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

СЕССИЯ

ОРИНДЫ ҰСЫНЫС ҚОЛДАУСЫЗ ЕМЕС



Кеше облыстық мәслихаттың кезектен тыс IV сессиясы өтті. Сессияға облыс әкімінің міндетін атқарушы Серік Қожаниязов, облыс әкімінің орынбасары Балмейір Сансызбайұлы, қала әкімі Асылбек Шәменов және департамент пен басқарма басшылары, БАҚ өкілдері қатысты. Күн тәртібінде облыстық мәслихаттың 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №153 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу және «Облыстық мәслихаттың депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларын сайлау туралы» облыстық мәслихаттың 2023 жылғы 17 қаңтардағы №179 шешіміне өзгеріс енгізу туралы екі мәселе қаралды.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

БІЛІМ САЛАСЫ ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ МА?



Біз де бала болдық. Оқуға құштар болдық. Айтқандай, қазір «Оқуға құштар мектеп» деген арнайы бағдарлама бар. Ал біз ешқандай қосымша бағдарламасыз-ақ оқуға құштар болдық. Иә, бастауышта сабақ берген апайларымыз бізді қалай ынталандырды десенізші?

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Кәдімгі картон қағаздан қиып, 4-5 деген бағаларды түрлі түсті етіп бірнешеуін дайындап әкелетін. Баламыз ғой, сол көрнекіліктерге қатты қызығамыз. Тіпті сабақты сол үшін жарыса оқимыз десем, өтірігі жоқ. Күндегі сабақтан төрт-бесуін алып қайтсақ, бір аптада оның саны 20-25-ке жетеді. Бір-бірімізге көрсетіп мақтанамыз. Білімге деген бәсекелестікті арттырудың бұл да бір көрінісі еді. Бұл осыдан 40 жылдай бұрынғы мұғалімдердің әдіс-тәсілі. Қазір бағалау әдістері басқаша. Бірақ ол мұғалім үшін тиімді болғанымен, баланың көңіліне қонымды ма, жоқ па, оған мән беріп жатқан ешкім жоқ... Еліміздегі білім беру бағдар-

ламасы жыл сайын өзгеріске ұшырайды. Айталық, 2015-2020 жылдар аралығында білім берудің барлық деңгейлерінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін үш тілде білім беруді кезек-кезеңмен енгізу бағытында арнайы жол картасы әзірленгені белгілі.

«ӘЛІППЕНІ» ЖОҒАЛТЫП, ҚАЙТА ҚАУЫШТЫҚ

Еліміздің білім саласы жылда жаңа реформа жасайды десек артық айтпаған болар едік. Мұның сала мамандарына қаншалықты әсер ететінін білмедік, бірақ балаларға оңай болмайтыны анық. Айталық, 2016-2017 оқу жылы Білім және ғылым министрі

Е.Сағадиевтің бастамасымен 1-сынып оқушыларына арналған білім берудің жаңартылған стандарты қабылданып, олар үш тілде білім алуға көшті. Сондай-ақ, 1-сыныптың бірінші оқу-әдістемелік бағдарламасы да өзгеріске ұшырап, «Әліппені» орнына «Сауат ашу» пәні енгізілді. Одан бөлек, «Жаратылыстану», «Көркем өңбек» сияқты пәндер енді.

Алғашқы кезде жаңа бағдарламаға екінші, бесінші, жетінші сынып оқушылары көшірілді. Ал 2019 жылдан бастап еліміздегі мектептер түгел үштілді білім беру жүйесіне ауысты. Алайда, министрдің бұл бастамасын халық аса қолдай қоймады. «Сауат ашу» сабағы да сынып астында қалды.

Хош, сонымен, 2021-2022 оқу жылында ҚР Білім және ғылым министрі А.Аймағанбетовтің бастамасымен бүлдіршіндер «Әліппені» қайта қауышты. Көркем безендірілген, оқуға жеңіл «Әліппе», «Буқварь» және «Ана тілі» кітаптары бүлдіршіндерге бөлек қуаныш сыйлаған еді.

ИГІ ІС

АУЫЛ БАЛАЛАРЫНА АЗАМАТ ТАРТУЫ

Күні кеше Жалағаш ауданына қарасты Қаракеткен ауылдық округінде балаларға арналған жаздық ойын алаңы ашылды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

«Бар жақсылық – балаларға» ұранын ұстаным еткен еңбек ардагері Қуандық Меңбаев өз қаражаты есебінен ауыл балаларына осындай жаңа ойын алаңын тарту етіп отыр. Айтпа кету керек, Қуандық Мәлікұлы еркін және грек-рим күресінен КСРО спорт шеберлігіне үміткер. Облыстық, республикалық және бүкілодақтық жарыстарға қатысып, жақсы нәтижелерге қол жеткізген. Ауыл балалары да өзі секілді спортқа жақын болып өссін деген ниеттен туған қолдау екенін айтады.

Заманауи үлгіде сапалы материалдардан жасалған өткеншек, айналасы, сырғанақ балалардың қуанышын арттыруда.

Ата-ана үшін баласының қуанышты жүзін көруден, олардың шаттанған әрбір сәтін кәуә болудан асқан қандай бақыт бар?! Қуандық Мәлікұлына ата-аналардың алғысы шексіз.

Балалар ойын алаңының ашылуы – ауылымыз үшін айтулы оқиға. Бүлдіршіндер бос уақытын спортпен шұғылданауға арнап, физикалық қабілеттерін дамытады. Бала – біздің болашағымыз. Сондықтан оларды көзден таса қылмай, үнемі қамқорлық жасап, дені сау, сергек болып жүрулеріне жағдай жасалғанына қуаныштымыз, – дейді ауыл тұрғыны Қамбар Ақмырзаев.

Ауыл орталығындағы ойын алаңының ашылу салтанатына ауылдық округ әкімі Әділ Тоқтаров, «Ауыл» партиясы облыстық филиалының төрағасы Серікбай Өмірзақов қатысып, тұрғындарды құттықтады.

Біз көп жағдайда балалардың сұранысын қанағаттандыруға тиіспіз. Балалар ойнайтын, тіпті ересек адамдардың өзі демалатын алаңдарды көптеп салуымыз керек. Ойын алаңына орналастырылған жаңа жабдықтардың барлығы сапалы. Тұрғындар атынан ризашылық білдіреміз, – деді ауыл әкімі.

Ойын алаңының лентасын Райқұл Байназарова, ауыл тұрғыны Қартбай Ахметжанов, еңбек ардагері Қуандық Меңбаев қиды.



3-бет

ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

ШІЛДЕДЕ ЖӨРДЕМАҚЫ ӨСЕДІ ҚАЙ САНАТТА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

Кез келген мемлекеттің әлеуметтік саясатының жемісі сол елдегі тұрғындардың әл-ауқатымен, тұрмыс жағдайымен бағаланатыны анық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Халықты сапалы өмірмен қамту мен әл-ауқатын жақсарту – мемлекеттің басты міндеті. Бұл сөздерді шынайы іске айналдыру қажет. Халықтың табысы экономикамен қатар өсуі керек. Бұл өзгермейтін аксиома біздің жағдайымызда жұмыс істемей тұр» деген еді. Сондықтан да Жолдауда заң да, қоғам да, адамдардың сана-сезімі де өзгеруге тиіс екенін пайымдай келіп, елімізде Әлеуметтік кодекс әзірленетінін де айтқан болатын. Міне, сол кодекс алдағы шілде айында қолданысқа еніп, нақты жұмыстар қолға алынбақшы. Оның басты міндеті – халықтың осал топтарын қамқорлыққа алу және азаматтардың негізгі құқықтарын қамтамасыз ету. Мұнда адамның бүкіл өмірлік циклі қамтылады. Мәселен, бала туғаннан көмекке толғанға дейінгі әлеуметтік қолдау, еңбекке қабілетті жастағы жұмыспен қамту, еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік сақтандыру іс-шаралары, өмірлік қиын жағдай туындаған кездегі әлеуметтік көмек, сондай-ақ, жасы ұлғайған шақтағы қолдаулардың барлығы енді бір құжатпен реттелетін болады. Кодексте қаралғандай, шілденің 1-нен бастап республикалық бюджеттен төленетін бірқатар жәрдемақы төлемдерінің мөлшері артады. Бұл жайында облыс бойынша еңбек және әлеуметтік қорғау департаменті басшысының орынбасары Төрахмет Жолымбетов толығырақ хабарлар етті.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

2-бет

БАСПАСӨЗ – 2023



Құрметті оқырман!

2023 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде


«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін: – 3500 теңге.
мекемелер үшін: – 4500 теңге.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҚҰРЫЛЫСТА ҚАРҚЫН ЖОҒАРЫ

Қаңтар-мамыр айларында Қызылорда облысы құрылыс секторында жоғары өсу қарқынын қамтамасыз етіп, республика бойынша 1-ші орынға шықты. Сондай-ақ, Сыр өңірі негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі бойынша үздіктер қатарында. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров хабарлады.

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2023 жылғы қаңтар-мамыр айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қоры-



тындылары және республикалық бюджеттің игерілуі қаралды.

Ұлттық экономика министрі жыл басынан бергі негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін, оның ішінде Қызылорда облысының ілгерілеу динамикасын атап өтті.

«Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі бойынша Түркістан, Маңғыстау және Қызылорда облыстары жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 12,1%-ға ұлғайды. Әсіресе, Қызылорда, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында жоғары өсу қарқыны байқалды», – деді ведомство басшысы.

ШІЛДЕДЕ ЖӘРДЕМАҚЫ ӨСЕДІ
ҚАЙ САНАТТА
ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫ
ҚОЛДАУ

Кодексте ең әуелі балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың қолданыстағы жүйесін сақтай отырып, оның негізгі параметрлерін өзгерту қарастырылған. Бұл жаңа параметрлер отбасыларға көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың ауқымын кеңейтуді көздейді.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында бала күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақы және әлеуметтік төлемді төлеу кезеңі бір жас-тан бір жарым жасқа дейін ұзартылды. Бұл қызмет төлем алушыларға проактивті форматта ұсынылады. Бала күтімі бойынша жәрдемақы жұмыс істемейтін аналарға республикалық бюджеттен, ал жұмыс істейтін аналарға мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленуде. Облыс бойынша бүгінгі кезде төлем алушылардың саны 27,8 мыңға жеткен, оның 5,6 мыңы бюджеттен бала санына қарай 19,9 мың теңгеден 30,7 мың теңгеге дейін алу-да. Ал қалған 22,2 мыңнан астам ана мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан кейінгі екі жылдағы орташа айлық табысының 40 пайызы көлемінде төлем алуға 5740 мың теңге қаралуда. Депутат Мақсұт Нәлібаевтің сауалына сәйкес Қызылорда қаласында шағын және орта бизнестің өңдеу өнеркәсібін дамытуға (15 жоба) 1 000 000 мың теңге бағытталып отыр.

Сонымен қатар, кодексте «Наград-талған аналар» жаңа термині енгізілуде. Бұл мәртебе көпбалалы ананың еңбегін құрметтеу және мойындау ретінде өмір бойы «Күміс алқа», «Алтын алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған әйелдерге берілетін бола-ды. Бұдан басқа наградталған аналарға тағайындалатын жәрдемақы мөлшері сараланып, төленеді. Бүгінде 6, 7 және одан да көп бала туып, тәрбиеленген аналар бірдей 22080 теңге мөлшерінде жәрдемақы алуға. Осылайша, «Алтын алқа», «Батыр ана» атағы бар, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған аналарға арналған жәрдемақы мөлшері 7,4 айлық есептік көрсеткішке дейін арттырылады. Шілденде бастап облыс бойынша 6132 аталған төлем алушының жәрдемақы мөлшері қайта қаралып, оның шамасы 25530 теңгені құрамақ.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІПЕР
ШЕТ ҚАЛМАЙДЫ

Шілде айынан бастап мүгедектігі бар адамдарға белгіленген коэффициенттер 14,6%-15,4% аралығында ұлғаюуына байланысты облыста 23902 мүгедектігі бар әлеуметтік жәрдемақы мен төлем алушының жәрдемақы мөлшері арта-ды. Айталық, I топтағы мүгедектігі бар адамдардың жәрдемақысының мөлшері 77889 теңгеден 89248 теңгеге дейін (11359 т. көбейеді), II топтағы 62068 теңгеден 71598 теңгеге дейін (9330 т.), III топтағы 42190 теңгеден 48681 теңгеге дейін (6491 т.) көбейетін болады.

Екіншіден, мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) және бірінші топ мүгедектігі бар азаматтарға күтімді жүзеге асыратын адамдарға төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1,40-тан 1,61-ге дейін (56794 теңгеден 65313 теңгеге) дейін ұлғаяды. Облыс бойынша мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырғаны үшін жәрдемақы төлемін алушылардың саны 5841, ал I топ мүгедектігі бар азаматтарға күтіміне байланысты жәрдемақы алушылар саны 1436-ны құрайды.

Сонымен қатар, қылмыстық атқару жүйесіндегі бірінші топ мүгедектігі бар азаматтарға күтімді жүзеге асыратын адамдарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау құқығы берілген. Бұл ретте, бірінші топ мүгедектігі бар азамат пен күтімді жүзеге асыратын адам бір қылмыстық атқару жүйесі мекемесінде болу қажет. Жәрдемақы тағайындауға өтініш беруге қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі ықпалдасатын болады.

Үшіншіден, мүгедектігі бар азаматтардың әлеуетін жақсарту мақса-

1-бет



ОРИНДЫ ҰСЫНЫС ҚОЛДАУСЫЗ ЕМЕС



Атап айтқанда, депутат Ибадулла Тілеп Қазалы ауданы бойынша Қожабақы және Бекарыстан би ауылы, Тасарық елді мекеніндегі автомобиль жолын жөндеу және Абай елді мекенін газдандыру жұмысын жүргізу мәселесін көтерсе, депутат Садық Мұстафа Қызылорда қаласы бойынша бірқатар көшелердің жөн-деу жұмыстарына және «Дарын» спорттық мектебі асханасының төбесі құлап, жарамсыз күйге түскенін, осыған орай мәселені тез арада шешу үшін қаражат керек екенін айт-ты. Депутат Жорабек Нұрымбетов қала бойынша көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін жөндеуден өткізуге, жаңа жүргіншілерге арналған жолдарды көбейтуге, сол жағалаудағы автобаза құрылысына, көпқабатты тұрғын үйлер алдына ойын алаңын салу, сондай-ақ, қала бойынша кейбір үйлердің тозығы жеткен көзін жуысы, су құбыры мен қоршауларын ауыстыру, газ желісін тарту сияқты инфрақұрылымдық жұмыстарды жасауға қаржы сұрады. Ауылдарда техника санын көбейту мәселесін көтерді. Ал депутат Мақсұт Нәлібаев «Қызылорда» өңір-

1-бет

лік инвестиция орталығының мүмкіндігін кеңінен пайдаланып, жаңа өңірлік бағдарламаны іске асыру-ды ұсынды. Депутат Мұхтар Ниязов жастарға рухани-эстетикалық тәрбие беру мақсатында салынып жатқан «Анаға тағзым» орталығы ғимаратын ұстап тұру үшін қаржы қажет екенін айтты. Депутат Аида Әбибуллаева «Атамекен» балалар ауылына ойын алаңын салу, №264 мектептің қоршауын ауыстыру се-кілді бірқатар мәселе көтерді. Де-путат Аманжол Оңғарбаев Арал теңізінде қаз балығын өсіру, қал-пына келтіру жағдайын оңалту үшін қаржы мәселесін қарастыруды ұсынды.

Қамбар Аманкелдіұлы депу-ттар көтерген сауалдар бойынша тоқталды.

Облыстық мәслихаттың тұ-рақты комиссияларының бірлескен отырысында депутаттық корпус та-рапынан барлығы 16,5 млрд теңге-ді құрайтын 62 сұрақ келіп түсті. Біз әрбір мәселені ерғай-тегжейлі тал-дап, облыстық бюджеттің мүмкін-шілігіне қарай жалпы сомасы 5,8 млрд теңгені құрайтын бірқатар мәселеге қаржы бөлуді жоспар-

лап отырмыз. Осыған байланысты сіздерге ұсынылған облыстық бю-джет жобасын нақтылау бойынша таратылған материалдарға келесі өзгерістерді ұсынамыз.

Мәселен, облыстық поли-ция департаменті бойынша 2022 жылдың қорытындысымен комму-налдық қызметтерге ақы төлеу-ден қалыптасқан дебиторлық берешек 614,9 мың теңгеге қыс-қартылуда. Облыстық қоғамдық даму басқармасы бойынша шешім жобасында «Әлеуметі» әлеуметтік жобасын ұйымдастыруға 47 556,5 мың теңге қаралған болатын, алай-да Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен заңдылықтарын қайта пысықтау жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне байланысты бұл қаржыны қысқар-татын болады. Облыстық білім басқармасынан үнемделген 5 661 485,9 мың теңге қысқартылуда. Сонымен бірге мектептерге пар-та, тақта алуға 350 000 мың теңге жоспарлаған болса, осы қаржының 36 174 мың теңгесін қысқарттық. Бұл қаржы депутаттар көтерген мәселелерді қаржыландыруға бағытталуда, – деді ол. Сондай-ақ,

деуге (автотұрақ) 18 286,1 мың теңге, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі ауласының қоршауын жөндеуге 27 000 мың теңге, С.Шаухаманов атындағы №9 дәр-ынды балаларға арналған облыс-тық «Білім-инновация» лицей-интернатының ауласын қоршау үшін ағымдағы жөндеуге 27 500 мың теңге қаралуда. Ал Мұхтар Ниязовтың сауалына сәйкес «Анаға тағзым» орталығының ашылуы-на орай, қосымша 27 шатат бірлігін ұстап тұру шығындарына 49 225 мың теңге қарастырылып жатқанын жеткізім келеді. Сонымен қатар депутат Аманжол Оңғарбаевтың көтерген мәселесі – Кіші Арал теңізіндегі Арал қаз балығының санын қалпына келтіру үшін оның генофондын сақтау жұмыстарын жүргізуге 18 826 мың теңге қаралып отыр. Өзге де депутаттардың сауал-дарына сәйкес бірқатар қаржы көзі пысықталуда. Осы өзгерістерге сәйкес облыстық бюджеттің барлығы 10,6 млрд теңгеге нақтылау жүр-гізілуде, – деді Қамбар Мұбарқов.

Құн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша да тиісті шешім қабылданды.

АЛДА АПТАП
ЫСТЫҚ БАР

Сыр өңірінде маусым айының алғашқы онкүндігі аптап ыстық пен екпіні қатты желден арылған жоқ. Өдетте жергілікті жұрт мұндай ыстықты шілде түскенде күтетін еді. Ауа райының құбылысы жаңға да, малға да оңай тиіп тұрған жоқ.

Аймақта алдағы күндерде де ыстық ауа райы күтіледі. Жауын-шашын жоққа тән. Әйтеуір, бір төуір тун ауасы қарасып тұр. Күндізгі 37-42 градус ыстық, түнде 15-20 граду-сты көрсетуде.

– Қызылорда, Түркістан облыстары елімізде жазы ыстық өңірлер қатарында. Өдетте ауа райының жоғары температу-расы осы екі облыста тіркеледі. Қазірге дейін ең аптап ыстық біздің өңірде 2019 жылы көрініс берген болатын. Басқа уақытта одан жоғары температура байқалған емес. Тек өткен жылы термометр 46 градусқа дейін жетті. Жалпы ыстық ауа райы облыстың барлық ауданында болады. Әсіресе, ол Жаңақорған мен Арал аудандарының құмды аймақтарында кездеседі. Енді 25 маусымнан кейін ауа температурасы тағы жоғарылап, шілде айында 45-46 градусқа дейін жетеді де-ген болжам бар, – деді «Қазгидромет» РМК облыс бойынша филиалының бөлім басшысы Әйгерім Жүкелова.

Оның айтуынша, маусым айында жауын-шашын аз бо-лады деп болжанып отыр. Сондықтан облыстың кейбір аймақтарында құрғақшылық байқалып, өрт қаупі сақталады. – Айта кетерлігі, кейінгі күндері өңірде екпінді жел байқалады. Бұл – антициклонның жиі ауысуына байланыс-ты кездесіп отырған құбылыс. Десе де кейінгі бес жылда жел біршама азайған, – деп толықтырды ол.

«СБ» ақпарат

ЖАЛЫННЫҢ
ТАРАЛУЫНА ЖОЛ
БЕРІЛМЕДІ

Қызылорда қаласында жеке компания аумағында өртенген ескі дөңгелектер үш сағат ішінде толықтай сөндірілді.

Сейсенбі, 13 маусым күні сағат 11.12-де Қаратоғай көшесі, 43 мекен-жайдағы ескі шиналарды көдеге жарататын «Smart rubber» ЖШС аумағында өрт бол-ды. 800 шаршы метр аумақта автокөлік дөңгелектерінің ескі шиналары жанды. Жалынның таралуына жол берілген жоқ. «Өрттің беті сағат 13.15-те қайтарылып, 14.47-де толық сөндірілді. Оқиға ор-нында облыстық төтенше жағдайлар департаментінен 45 адам 9 техникамен жұмыс атқарды. Сондай-ақ, апаттар ме-дицинасы орталығы филиалынан 4 адам 1 техникамен келді», деп хабарлайды төтенше жағдайлар департаменті.

«ҚАРАСОРА –
2023»: ТӨРТ
ТҰРҒЫН ҰСТАЛДЫ

«Қарасора – 2023» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында Қазалы ауданында прокуратура, аудандық әкімдік және полиция бөлімінің қызметкерлері бірлесіп жүргізген жұмыстар нәтижесінде 1 086 тұр сора өсімдігін еккен қала тұрғындары ұсталды.

28-50 жас аралығында жұмыссыз төрт қала тұрғыны ауданға қарасты Қызылқұм ауылының 265 шақырым жердегі шеңгел мен сексеуіл арасына сора өсімдігін өсірген.

Полиционер оқиға орнынан ірі есірткі алқабынан бөлек арнайы кептірілген ма-рихуана, күдіктілердің жеке заттарын, азық-түлік, сора өсіруге арналған арнайы жабықтар: 20 метрлік шланга, күрек, кетпен, тырма, газ баллонын тәркіледі.

Есірткі алқаптан бөлек алынған арнайы кептірілген марихуанының салмағы 723 грамм болып шықты.

Күдіктілер аудандық полиция бөлімінің уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды. Аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісі жүргізіліп жатыр.

ТӘУЛІК ІШІНДЕ
ТАБЫЛДЫ

Қызылордада полиция белгісіз бағытқа шығып үйіне қайта оралмаған бүлдіршінді тәулік ішінде тауып берді.



Жеті жастағы бала таңғы 8:00 шама-сында үйінен белгісіз бағытқа шығып кет-кен.

«Бұл жөнінде жергілікті тұрғын Қызылорда қалалық полиция басқар-масының 102 арнасына хабарласқан. Онда 7 жастағы баласының ойнап жүріп, үйіне қайта оралмағаны туралы айтылған. Қызылорда қалалық полиция басқармасының Ақсай полиция бөлімінің жеке құрамы мен ювеналды полиция бөлімшесінің қызметкерлері, төтенше жағдайлар департаменті, Ұлттық ұлан сарбаздары және еріктілер баланы іздеуге жұмылдырылды. Іздеу шараларының нәтижесінде бүлдіршін аман-есен та-былды, ол ата-анасына табысталды», деп мәлім етті Қызылорда қалалық полиция басқармасы.

«СБ» ақпарат

БІЛІМ САЛАСЫ ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ МА?

АЛДЫМЕН АНА ТІЛІ МЕ, АҒЫЛШЫН ТІЛІ МЕ?

Жоғарыда айтып өткеніміздей, білім берудің жаңа стандартына сәйкес ағылшын тілін меңгерген мектеп жасына дейінгі балалардың үлесі 2015 жылы 7 пайыз, 2020 жылы 30 пайызға жеті тис, ал қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген мектеп бітіруші оқушылардың үлесі 2020 жылы 90 пайызды құрауы қажет болатын. Сондай-ақ, 2015 жылы үш тілде білім беретін мектептер саны 100-ден астам болса, 2020 жылы 700-ге жеті міндеттелген еді. Айта кетейік, бұл осыған дейін Білім және ғылым министрлігіне басшылық еткен Е.Сағадиевтің бастамасы болатын. Осылайша бастауыс сыныптардан, тіпті балабақшадан ағылшын тілін оқыту қолға алынды. Бөксімді аспанға алып қуандым. Бірақ оның ар жағында баланың әлі дұрыс толықпаған мына қаншама салмақ түсетінін ойламадық. Бағдарлама қолға алынды. Балада еш жазық жоқ, мұғалімнің (тәрбиешінің) үйреткенін қалт жібермей қағып алады. Алайда ана тілін толық меңгермеген бала үшін бұл шынында едәуір ауыр талап еді. Неге десеніз?, балабақша тағалдырығындағы тілі әлі дұрыс шыға қоймаған бала ағылшын тілін шама-шарқына үйренгеннен, ана тілін шала-шарпы білген күйі қалды. Иә, «қазақ тілін оқыса да біледі ғой» деген түсінікпен ана тіліміз екінші орынға ығыстырылған еді... Әрі-бірі зурлеп көріп едік, бұл әліс болмайды екен. Сонымен, бағдарламаны қайталану қарауға тура келді.

Енді 2022-2023 оқу жылындағы өзгерістерге сәйкес «Шетел тілі» және «Орыс тілі пәндері бірінші сыныпта (балабақшала) оқытылмайтын болды. Нақтырақ айтсақ, қазақ тілінде оқытатын мектептерде 1-сыныптан бастап тек қазақ тілі, ал орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ және орыс тілдері оқытылады. Сонымен қатар, қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілін 2-сыныптан, ағылшын тілін тек үшінші сыныптан бастап оқыту қолға алынды. Мұны мұғалім де, ата-ана да құптады.

«СОНҒЫ ҚОҢЫРАУДЫҢ» САРСАҢЫ, ЯҒНИ, 36 АЙТА ОҚУ...

Биылғы оқу жылының ұзақтығы бұрынғыдай 34 оқу аптасын емес, 36 аптаны құрады. Білім және ғылым министрлігі осылай бекітті.

Сала басшыларының айтуынша, бұл өзгеріс оқу материалын бекітуге және псықтауға арналған уақытты ұлғайтуға, балаға күніне жүктемені 7-8 сабақтан 5-6 сабаққа дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Бала-лар қосымша білім алып, сабақтан тыс уақытты тиімді пайдаланады. Осылайша барлық мектептер, оның ішінде лицейлер, гимназиялар, мамандандырылған мектептер де бес күндік оқу аптасына ауысты.

Сонымен, кем дегенде, елу жылдан бері 25 мамырда соғылатын «Сонғы қоңырау» биыл 1 маусымда соғылды. Өйткені барлық білім беру ұйымдарында сабақ 31 мамыр күні аяқталды. Айта кетейік, бұл – (31 мамыр) елімізде саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Ал «Сонғы қоңырау» салтанатын атап өткен 1 маусым болса, Халықаралық балаларды қорғау күні. Көріп отырғанымыздай, жылына бір келетін мерекесін тойлайтын кезде балалар мектептен зуай алмай жүрді...

Оқу-ағарту министрі Ғ.Бейсембаевтің отандық телестарналарға берген сұхбатында осы мәселе жайында сөз қозғалды.

Министрдің айтуынша, бұл кешелі-бүгін қабылданған шешім емес. Пандемиядан кейін білім берудегі олқылықтар туралы көп мәселе көтерілген. Сонда қабылданған шешімнің бірі – әлемдік тәжірибелерге сүйеніп, 5 күндік оқуға көшу болатын. Ал бес күндік оқуға көшкенде 36 апта оқу 34 апта болып қысқартылды, сабақтын аяқталуы 31 мамырға дейін ұзарғанды. Себебі, жаңа өзгеріске сәйкес күндік, апталық жүктеме көбейетін белгілі. Сондықтан аталған өзгерісті қабылдау барысында білікті сарапшылар, арнайы жұмысты тобы әбден зерттеп, зерделен.

– Дегенмен бұл мәселе қоғамда қызу талқыға түсті. Қазақтың сөзі бар, «шымшық сойса да қасапшы сойсын» деген, яғни, алдағы уақытта мәселені біржақты шешуді де сарапшылардың қузырына қалдырамыз, – деді министр. Сонымен қатар, ол мұғалімдерді аттестациялауға қатысты талаптардың да біршама өзгеретінін айтты.

«KUNDELİK.KZ» КІМ ҮШІН?

Бұрын мұғалімдер әр сабақта оқушылардың дайындығын бағалап, журналға белгілейтін және оны оқушының жеке күнделігіне қойып беретін. Мұның жақсы жері – ата-ана күнде болмағандықтан, апта сайын бағаларының күнделігін тексеріп, астыңғы жағындағы арнайы тусына міндетті түрде қолын қойып отыратын. Тағы бір тиімділігі, бұл жағдайда баланың да жауапкершілігі бар еді. Айталық, күнделігіне төмен баға түсіреуге тырысатын. Оқу үлгерімі немесе тәртібі бойынша ата-анасынан сөз естімеуге барын салатын.

Ал қазір ше? «Kundelik.kz» деген

жаналық енді. Бұл жердегі бірінші мәселе, қала орталығында болса, ауылдық жерде интернеттің денгейі қандай екенін бәрімізге белгілі. Оны қойыңызшы, сол «Kundelik.kz» арқылы баланының оқу үлгерімін бақылап отыратын ата-ана санаулы ғана шығар... Тіпті ұзақтық күні қолынан телефоны түспейтін балаңызды да күнделікті бағасын қарап, соған сәйкес дайындалып жүр деп айта алмайсыз. Тек оқу үлгерімі жоғары, үздіктер қатарындағы оқушылар қарайтын болуы керек.

«Kundelik.kz» базасында оқушының бағасы 1-10 балл аралығында есептеле, қорытынды бағалауда 5-ке дейінгі балл аралығында қойылады екен. Айта кетейік, жанартылған оқу бағдарламасына сәйкес «Kundelik.kz» арқылы бағалауда 2 қойылмайды. Оның бір себебі, өркенітті елдердің үлгісі десек, өкішпен, жалпы білім сапасының көрсеткішіне әсер ететіндей болып тұрған сияқты... Білімімізше, мұғалімдердің еңбек-ақысы да осы «Kundelik.kz» электронды журналының толтыруына қарап есептеледі екен.

Мысалы, ағылшын тілінен сабақты 5-ке үлгеріп тұрған оқушының қазақ тілінен 4 болуы ақығы сия ма? Иә, осындай қорғарлық кездесіп жатады. Неге? Өйткені оқушы өзінің қай сабақтан қандай баға алып жүргенінен бей-хабар. Ең болмаса, ата-ана алдын ала білсе, баласына талап қойып қорытынды бағасын дұрыстауын қадағалай еді. Ал мұғалімнің оған мұнына жасауы жеткіліксіз. Өйткені өзінен талап етілетін қат-қабақ есептілікті уақытылы тапсыруы керек. Бір сөзбен айтқанда, «Kundelik.kz» тек мұғалім және мектеп әкімшілігі, сосын саланың ортақ базасы үшін қажет шығар? Ата-ана мен оқушының оны қарауға аса құлқы жоқ екенін несіне жасырамыз?..

БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕР БЕС ЕМТИХАН, ЕКІ ҰБТ ТАПСЫРАДЫ

Биылғы бітіруші түлектердің бейнате 34 оқу аптасын емес, 36 аптаны құрады. Білім және ғылым министрлігі осылай бекітті.

Сала басшыларының айтуынша, бұл өзгеріс оқу материалын бекітуге және псықтауға арналған уақытты ұлғайтуға, балаға күніне жүктемені 7-8 сабақтан 5-6 сабаққа дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Бала-лар қосымша білім алып, сабақтан тыс уақытты тиімді пайдаланады. Осылайша барлық мектептер, оның ішінде лицейлер, гимназиялар, мамандандырылған мектептер де бес күндік оқу аптасына ауысты.

Сонымен, кем дегенде, елу жылдан бері 25 мамырда соғылатын «Сонғы қоңырау» биыл 1 маусымда соғылды. Өйткені барлық білім беру ұйымдарында сабақ 31 мамыр күні аяқталды. Айта кетейік, бұл – (31 мамыр) елімізде саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Ал «Сонғы қоңырау» салтанатын атап өткен 1 маусым болса, Халықаралық балаларды қорғау күні. Көріп отырғанымыздай, жылына бір келетін мерекесін тойлайтын кезде балалар мектептен зуай алмай жүрді...

Оқу-ағарту министрі Ғ.Бейсембаевтің отандық телестарналарға берген сұхбатында осы мәселе жайында сөз қозғалды.

Министрдің айтуынша, бұл кешелі-бүгін қабылданған шешім емес. Пандемиядан кейін білім берудегі олқылықтар туралы көп мәселе көтерілген. Сонда қабылданған шешімнің бірі – әлемдік тәжірибелерге сүйеніп, 5 күндік оқуға көшу болатын. Ал бес күндік оқуға көшкенде 36 апта оқу 34 апта болып қысқартылды, сабақтын аяқталуы 31 мамырға дейін ұзарғанды. Себебі, жаңа өзгеріске сәйкес күндік, апталық жүктеме көбейетін белгілі. Сондықтан аталған өзгерісті қабылдау барысында білікті сарапшылар, арнайы жұмысты тобы әбден зерттеп, зерделен.

– Дегенмен бұл мәселе қоғамда қызу талқыға түсті. Қазақтың сөзі бар, «шымшық сойса да қасапшы сойсын» деген, яғни, алдағы уақытта мәселені біржақты шешуді де сарапшылардың қузырына қалдырамыз, – деді министр. Сонымен қатар, ол мұғалімдерді аттестациялауға қатысты талаптардың да біршама өзгеретінін айтты.

«Аға болсаң ақыл айт, ақыл айтсаң мақұл айт» дейді қазақ. Қиын-қыстау шақта жол көрсетіп, салиқалы сөзімен, орнықты мінезімен сананда сәулелі қалдырған жарқын азамат Самұрат Имандосовтың өмірі көпке үлгі. Оның табанды еңбегі, тыңғылықты ісі халықтың оң бағасын алып келеді. Түрлі қызметте атқарған жұмысының жемісіне бүгін ел күз болуда. Ал ағалық, бауырлық қырын танысақ, тұлғаның таным биігі тіпті асқақтай бермек. Сондықтан абзал азамат туралы ой толғар сәтте Сөкеннің мен күй болған қасиетін суреттеуге бел будым.

АБЫРОЙ АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ

Қым-қуыт тірліктің сан тарау сүрлеулерінде алас-күлес атқа мініп, арман аңсап, ағындап жүргенде талай жайсаң жандармен сыйлас та сырлас боласың. Шынымды айтсам, жүрегінің кірі жоқ жандармен туысасың, ал табанының бүрі жоқ пенделерден суысасың. Осы аралықта айналанды танып-біліп, жақсыны жақын тұтасың. Арқасы қорған ағаларды ардақтап, ізеті жайсаң інілерге ардақталасың. Демек, басың жерге жеткенше сыйласып өтуге лайықты аға, дос, иі тапқанды тірліктің өзі жөнелдеп сала беретін сыңайлы. Олардың да сені көңілімен іздеп, түйсікпен тауып, тілекші болып жүретінін сезінесің. Самұрат Имандосов та осындай жақын жанының бірі екені даусыз.

Өмір құрделі. Болмыстың өң бойында аралыспен, күреспен өткен шақтарды есейе келе сана сүзгісінен өткізіп, өткеніңе ойша көз жүгірtesiң. Тамшының тасты тесетіні сияқты, болмыстағы сол небір қиындықты жеңу үшін ерік-жігер керек. Осының барлығын қозғаудағы себебін, бүгін әңгіме еткілі отырған Самұрат Имандосовтың тағдыры жиптіктік бірі деп айта алмаймын. Мен білетін 40 жыл уақытта талай сыннан, өтпелі қиындықтан қақпай шықты. Сонсымен де елге сыйлы, көпке үлгі болуда.

Кенес дәуірінің ақыры келіп, жаңа кезек басталған тұста ел азаматы анып қалмады. Жас мемлекеттің қалыптасуына, аймақтық экономикалық өркендеуіне біркісілей қызмет етті. Құнсыздандуың әсерінен тұрғындардың тұрмысы нашарлап, бұқараның күйі тайған шақта шығар жол іздеді. Тіпті, қоғамның түйткілі мәселесіне жаны ашыған тұлға жаңашыл идеяларға көңіл бөлгені есімде. Мысалы, 1992 жылдың ақпанында XII шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланып, 1994 жылы Қазылы ауданының әкімі лауазымын иеленген кезінде өңірдегі әлеуметтік-экономикалық келеңсіздіктің шешімі мойынға түсті. Қазақстанның алғашқы заң актілерін қабылдауға қатысуы, қәсіпкерлік саласында жүргенде де жүйелі жұмыс атқарды. Абзал азамат жауапкершіліктен тайсалмай, халқидіңіңе күрмеді әлеуетке ұмтылған. Нәтижесінде, аймақ әлеуетіне әл кіріп, келешек сүрлеу қалыптасты.

Адам басына төн сан-алуан

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЫН ӨНДІРУШІЛЕР НАЗАРЫНА

«АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚАРЫЗДАРЫН КЕПІЛДЕНДІРУ МЕН САҚТАНДЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ СУБСИДИЯЛАУ» БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ КЕПІЛДІК БЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ

Қарыздарға кепілдік беру құралы кепілмен қамтамасыз ету жеткіліксіз болған кезде екінші деңгейдегі банктер қарыз алу кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъекттерін қолдауға бағытталған.

Осы схема бойынша кредитордің ішінара кепілдікті қамтамасыз ету осы бағдарлама бойынша «Даму» ҚДҚ-АҚ айқындаған кепілгер есебінен жүзеге асырылады.

• Екінші деңгейдегі банктердің кредиторіне кепілдік беру мынадай негізгі шарттарда жүзеге асырылады:

• Несенің ең жоғарғы сомасы 5 млрд теңгеге дейін;

• Кепілдік мөлшері негізгі борыш сомасынан 50% - ға дейін, бірақ 1,5 млрд теңгеден аспайды;

• Жобаны енгізгенге дейін басым инвестициялық жобалар бойынша кепілдік мөлшері 85%. Жоба пайдалануға берілгеннен кейін кепілдік мөлшері стандартты шарттарға дейін төмендетіледі (5 млрд теңгеге дейінгі кредиторге 50%);

• Кепілдік үшін комиссия кепілдік мөлшерінің 30%-ын құрайды, оның ішінде:

- 29,9% облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы төлейді;

- 0,1% қарыз алушы – агроөнеркәсіптік кешен субъектісі төлейді. ЕДБ кредиторіне кепілдік беру мынадай негізгі шарттарда жүзеге асырылады:

• Мемлекеттік қолдаумен кепілдік беру жүйесінің мынадай оқ жақтары бар:

1) бөлімеш шығаратын экономикалық өніммен, жаңа жұмыс орындарын құрумен және табысты жобалардан түсетін салық түсімдерінен өтеледі;

2) қарыз алушылардың белгілі бір санаттары бойынша жеке кредиторлар қабылдайтын тәуекелді ішінара кепілдендіріледі;

3) бұл модельде жеке сектордың тиімділігі және клиенттердің неғұрлым тәуекелді санаттарымен жұмыс істегені үшін мемлекеттің сыйақы төлеуі үйлеседі.

- Кепілдіктің 50 (елу) пайызына

қасиеттердің барлығы қазақы таным-дәстүрде «жақсы» және «жаман» деген екі-ақ сөздің қаузына сыйып, оның ауқыммен қамтылатынын көреміз. Бұл құбылыстың осылайша қалыптасуы жайдан-жай емес. Бар құндылықты безбеннің екі басына салып, бір-бірімен салыстыру арқылы анықтау принципі мен заңдылығы ойға алынған. Елге танымал Сөкен туралы әңгіме өзегі де жақсы адамға пікір білдіру екені сөзсіз.

Осы орайда халық ойына сүйенген дұрыс секілді. Олай дейтініміз, абзал азамат аймақтағы мыңдаған тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтып, жұмысшыларға жағдай жасауда көш басында тұр. №86 жылжымайқы мех-қанына, кейін «РЗА» АҚ директоры болған тұста абырой биігінен төмендемей, елмен бірге болды. Кол астындағы жұмысшылармен байланыс орнапты, әрбіріннің ахуалынан хабардар болу, өзіндік басқару моделін қалыптастыру Самұраттың ең басты ерлігі еді. Жақсы басты болу арқылы жақсы азамат деңгейіне көтеріліп, абырой арқалады.

Адамның асыл қасиеттерінің бірі – жақсылық жасай білуі. Адам – өрқашанда жасаған жақсы ісімен көрікті. Әркім өз қолынан келгенді жасайды. Ең бастысы, бұл шынайы, адал ниеттен тұса игі. Сонда ғана адамның жақсылығы еселенуі түсіп, оған өз пайдасын тигізеді. Осы орайда абзал азаматтың ел-жұртқа жасаған жақсылығы, жақын-жуыққа деген ерен көңілі елге үлгі екенін баса айтқым келеді.

Данғаза мақтан-масаттан жаны ада, қашанда тынымсыз тірлік пен мызғымса бірліктің ортасында жүретін Сөкеннің өмір жолы сан салайы. Адал еңбегімен елінің абыройлы азаматы дәрежесіне көтерілген жүрегі мейірімді, ісі қайырмыды жан қаншама жұртшылыққа қорған болуда. Қысылғанда қамқоршы, керек кезде демеген азаматтың қадірін біз де терен түйсінеміз.

Самұрат Имандосов бүгінде елге танымал «РЗА» АҚ-ны басқаруда. 2000 жылы құрылған мекеме бүгінде Қызылорданың 1000-нан астам тұрғынын жұмыспен қамтамасыз етіп отырған, сондай-ақ отандық тауар өндіретін үй кәсіпорны қатарында. Содан бері үдемелі дамып, жыл өткен сайын материалдық-техникалық базасы нығайып, азық-түлік өнімдерін өндіру

мен халыққа қызмет көрсету аясын барынша кеңейтіп келеді. Қуатты техникалық-өндірістік базасы жүйеленген, білікті инженерлік-техникалық қызметкерлері қалыптасқан мекеме есебінде танылуда. Бүгінде ауыл шаруашылығының түрлі бағытында өнім өндіріп, қазыналы Қазылы ауданының экономикалық әлеуетін аспандатып келеді. Темірдей төрттігі сүйетін дағдысын, талап-нәтиже мінзесі арқылы жемісті еңбек көрсетті. Мұның барлығы Самұрат Имандосовтың қореген ақылы мен таным көзжіегінің жемісі десе, артық айтқандық емес.

Елге деген ерен еңбегінің еленгені болар, ол Қызылорда облысының және Қазылы ауданының Құрметті азаматы атақтарын иеленді. Сондай-ақ, оған «Құрмет белгісі», «Құрмет», «Парасат», «III дәрежелі Барыс» ордендерімен қатар, халықаралық деңгейдегі марапаттар да берілді. Ауыл шаруашылығы саласының үздігі атанды. «Қазақстанның Құрметті құрылысшысы» атағының өзі саладағы салмағын айқындаса керек.

Бүгінгі биігінен қарасаң, тағдыр мені талай текті тұлғалармен табыстырыпты. Қым-қуыт тірлікте талайынмен сырласып, біріне аға, біріне іні болдық. Айтуды азаматтармен, тұғырлы тұлғалармен кездесерін, пікірлесерін, ой бөлісерін. Сапарлас, дәмдес болғанда көкейте ақыл түсініс. Ол – өмір заңдылығы. Расында, қызмет бабында жұмыр жердің талай перзентімен араластық. Олардың бәрі есімде әрқилы жағдайда қалды. Солардың ішінде өзіндік орны бар, тұралық қасиеті арқылы танылған Самұрат Имандосов ерекше құрметке ие.

Байқасақ, адамның қадір-қасиеті, болмыс-бітімі ұрпағынан көрініс табады емес пе?! Бала тәрбиесіндегі өнегелі тәлімнің өзі ата-ананы биік бөлесе, абырой кемеіне мінгізетіні тағы бар. Бұл тұрғыда Сөкеннің бәсі биік. Бүгінде абзал тұлғаның тәрбиесін көрген перзенттері ерік-жігері мығым, әділдікті ут еткен азаматқа айналды. Ұл-қыздары экономика ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының кандидаты, облыстық маслихаттың депутаты, әрқайсысы сан салада лау-



азымды қызмет атқарып, өкенең сара жолын жалғап, қоғамның дамуына үлесін қосып келеді. Тіпті, сын сәтте темірдей жүйкелі сездіріп, әділдіктің ақ туын жақпалаған ерліктерін де естіп-көріп жүрміз. Атадан келген міндеттің баланы ұшыаққа шығарғаны осы болар, балкім.

Ел мұраты, ел амандығы жолында аянбай еңбек етіп, тынбай ізденіп, белсене жұмыс істеп жүрген азаматтар қай өңірде де бар екені сөзсіз. Кең байтақ еліміздің қай жерінде де ел мен жердің амандығы үшін төр төккен сондай тау тұлғаларын ерен еңбегі мен ақ тілеуінің арқасында да Отанымыз бейбіт-бауқат шығар.

Иә, Қазақстан атты құлашы кең Отанымыздың әрбір тасы бәрімізге қаншалықты қымбат болса, сол тас пен топырағын қадірлеп, ел мен жердің тыныштығы үшін талай жұмыс істеп жүргендердің құрметі де ерек болмақ керек-ау! Сондықтан, тағлымды тұлға – Сөкен болмысы да тытилат пен құрметке лайық.

Сөз соңында айтпағым, әдептен озбайтын, абылай басып, анық сөйлейтін, ұтқыр ойлы, кісілік келбетін жоғалтпайтын, абыройлы да ардақты азаматтың бірі ғана емес, бірегейі Самұрат Имандосовтың өмір жолы – өнегелі жол. Ол ел-халықты тыным-тіршілігіне, елдің ауызбірлігін сақтау мен ұрпақ тәрбиесіне белсене араласып қадірменді аға атанып жүр. Өз отбасының ғана емес, ел-халықтың қалаулы ұлына айналған азаматқа бұдан асқан бақыт та жоқ шығар. Қажыр-қайратымен, өнегелі де өркенді ісімен бүгінгі және келер ұрпақтарға ұлағат атанған Сөкеннің абыройы әлі де асқақтай түсеріне сенім мол.

Ибрагим ӘБИДУЛЛАЕВ,
«Құрмет» орденінің иегері,
Қызылорда қаласы, Сырдария,
Шиелі, Жанакорған
аудандарының
Құрметті азаматы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Балық шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың назарына!

Балық шаруашылығын қолдау мақсатында Қызылорда облысы бойынша жергілікті бюджеттен 2023 жылға балық азығын субсидиялауға 9 млн 114 мың теңге және республикалық бюджеттен инвестициялық субсидиялауға 9 млн 568 мың теңге көлемінде қаржы бөлінді.

Балық шаруашылығын субсидиялау негізгі 2 бағытта жүргізіледі. Олар акваөсіру негізіндегі өзіндік инвестициялық субсидиялауға арналған.

Акваөсіру бағыты бойынша балық азығын сатып алудың 30 пайызын өтеу және биологиялық негіздемен өзірлеу, балық өсіру материалын сатып алу (дәрнасілдер, құртшабақтар, шабақтар және балықтардың жасына байланысты басқа да топтар), дәрілік препараттарды сатып алу, аналық-толықтық үшін сатып алудың 50 пайызын өтеу қарастырылған.

Бұдан бөлек, балық өсіруші субъектісін инвестициялық салымдар кезінде шығыстарының бір бөлігін өтеу бойынша субсидияланады.

Акваөсіру және инвестициялық субсидия алуға арналған өтімдер «kezekte.kz» субсидияландыру акпараттық жүйесі арқылы беріледі.

Субсидиялар алу шарттары «Аква-

өсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асылтұқымды балық өсіруді дамытуға субсидиялау қандағдары бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2022 жылғы 24 мамырдағы №180 бұйрығында және «Инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қандағдары бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2022 жылғы 14 маусымдағы №219 бұйрығында көрсетілген.

Қосымша сұрақтар болған жағдайда төменде көрсетілген мекемелердің байланыс нөмірлері бойынша толық ақпарат алуға болады.

«Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдаланушы ретте басқармасы» коммунальдық мемлекеттік мекемесі, 8 (7242) 60-53-68.

«Арал-Сырдария облыстарық басқарушылық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, 8 (7242) 23-57-14.

«ҚАЗТРАНСГАЗ АЙМАҚ» АҚ ҚЫЗЫЛОРДА ӨНДІРІСТІК ФИЛМАЛЫНЫҢ АБОНЕНТТЕР НАЗАРЫНА!



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ НАУҚАНЫ

Қанның барлық қауіпсіз қорын қамтамасыз етудің бірден-бір жолы ерікті донорлар қатарын көбейту екені сөзсіз. Өміріне қауіп төнген адамдарға үміт сыйлап, мыңдаған жанның денсаулығын сақтап қалуда донорлардың үлесі зор. Осы орайда облыстық қан орталығында 14 маусым – Дүниежүзілік донорлар күніне орай «Қан тапсыр, плазма тапсыр, адамдарға өмір сыйла және мұны жиі жаса!» деген ұранмен қайырымдылық акциясы өтті.

Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Акцияға өзгелерге көмек қолын созуға дайын бірнеше азамат қатысты. Олар қан орталығына арнайы келіп, қан тапсырып, облыс тұрғындарын науқанға қатысуға шақырды. Ұйымдастырушылардың айтуынша науқанға қатысуға тілек білдірушілердің қатары жылдан жылға көбейіп келеді. Тіпті тұрақты донор атанып үлгергендер де баршылық. Донорлық – қанға мұқтаждарға адамның өз қанын немесе компоненттерін ерікті түрде беруі. Жыл сайын қан және қан өнімдерін құюды арқасында дәрігерлер миллиондаған жанның өмірін сақтап қалады. Ресми деректерге сүйенсек, әрбір үшінші адам өз өмірінде өзге біреудің қанына мұқтаж болады. Көбіне

қан ауруы, онкологиялық дертке шалдығатын адамдарға донорлар көмек қолын созады. Жалпы қан тапсырған адамның қан айналымы мен иммундық жүйесі жақсарыды. Сонымен қатар, өзгелерге өмір сыйлап, араша түседі. Биыл облыста қан тапсыруға ниеттенгендер саны 5493 адамға көбейген. Ал әртүрлі себеппен сәйкес келмегендер саны – 1057 адам. Қан тапсырғандар 4436 адамды құраса, оның ішінде қан доноры 3922, плазма доноры 15, ал тромбоцит доноры 499-ға жеткен. – Күн сайын орталыққа қан тапсыру үшін 100-ден аса адам келеді. Міндетті түрде медициналық тексерістен өтеді. Донорлардың өзге адамдардың




өмірін арашалап, үлкен көмек көрсететіндеріне алғыс білдіремін. Біздің орталық ауруханалар мен медициналық мекемелердегі науқастардың денсаулығын жақсартуға септігін тигізеді. Көбіне донор болуда жастар белсенділік таңытады. Имунитеті төмен адамдар, алкогольді сусындарды қабылдаса және шет елде демалып келген азаматтар уақытша донор бола алмайды. Барлығын бақылауда ұстап, қадағалап отырамыз, – деді орталық директоры Серік Игенбаев. Дені сау адам үшін 450 мл көлемінде қан тапсыру

физиологиялық жағынан еш қауіпсіз, қалыпты жағдай. Жасы 18-ден асқан, медициналық көрсеткіші нәтижелі кез келген азамат донор бола алады. Ерлер жылына 6 рет, әйелдер 4 рет қан тапсыруға мүмкіндіктері бар. – Өзгелерге өмір сыйлау үшін септігімізді тигізесем қуанамын. Жиналған қауымға рахмет айтамын. Мен 2014 жылдан бастап осы орталыққа келіп, ерікті түрде қан тапсырамын. Көптеген науқастар бар. Олар қандай да бір көмекке зәру. Сол себепті орталық мамандарының көмегімен тұрақты донор болып келемін. Сонымен бірге барлық азаматтарды донор болуға шақырамын, – деді қала тұрғыны Әлібек Қуаныш.



ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

Шиелі ауданының Қарғалы ауылының тумасы Сейтмұхан Аймаханов деген өнерпаз азамат болды. Дауысы керемет! Аккордеонмен сүйемелеп ән салғанда жан жүрегіңді елжіретеді-ай! Құлаққа жағымды дауысы сырғайға қосылып сызылғанда бұ дүниені ұмытып, қол созым биікке көтеріліп кеткендей боласың ше... Өзінің де ән шығаратын өнері бар екен. Көз жанары біртіндеп сола түсіп, бүгіндері тек табан жолын ғана айыратын



«ЕСІҢЕ МЕНІ АЛҒАЙСЫҢ»

халге түскен. Оның отбасы оншақты жылдың жүзі болды, Бұрабай маңындағы Шүңбіскіге қоныс аударды. Шиеліде жүргенде Нұрбергін Тастаевтың «Туған жер» атты өзінің касетаға жазылған әуенін әкеліп беріп, сөзін ежіктеп отырып жаттағандық едім, «Бұл өн нантара-барым болды», деп соған риза. «Санаторияға келген демалушылар мен осында қоныс аударғандардың басы қосылған жерде осы әнді шырқай жөнелсем, туған жерін сағынғандар қалтама шайлық бірден салып жатады», – деп күлетін-ді марқұм. ...2003 жылдардың шамасы болуы керек. Бірде оның Шиелідегі уақытша пәтерін іздеп таптым. Бұрынғы бір мекеменің кеңесінін үш бөлмесін уақытша мекендепті. Әйелі базарға, балалары сабаққа кетіп үйінде жалғыз қалған әнінің іші пысып-ақ қалған екен, ай, бір көсілді дейсің. Әнін шырқап, аккордеонның созылай түседі. Түс әлпетінде келген ауылдас інісі «Шай қойып келдің», деді де көрпешеге жамбастай жата кетті. Ал Сейтмұхан болса, «Мынаны сізге арнадым» деп Елена Әбдіхалықованың «Есіңе мені алғайсың» әнін бастай жөнелді. Соңғы жағына өзі сөз қосқан болуы керек, өлеңі ұзаққарады. Аяқталар емес. Мен тықырши бастадым. Оның үстіне ауызғы бөлмеден бөтен ііс келгендей, гүрлідеген, сырылдаған өзгеше дыбыс та қосарлана шығады. Көзін жұмып, өз әніне өзі елтіп отырған әніміз оны аңғарға қоймаған сыңайлы. Шайыты шарықтап, шалқалай құлашын созады. Маңдайы терлеген ол мына күйімен жуық арада іркіле қоймайтын секілді-ау... – Есіңе мені алғайсың, Нұреке-ау! – деп бір

қайырып алады да әнін одан әрі жалғастыра түседі. Ал гүріл ұлғайды, жағымсыз иіс бөлмені жайлап бара жатқандай ма?! Шай қойған жігіт тырп етер емес. Бір кезде, «Сыртқа шығайықшы», дедім қанша көңілің қимасам да. Сонымыз дұрыс болған екен. Газ плит-та үстіндегі шүйнек қайнай-қайнай төгіліп, отты өшіріп тынышты. Сол маңдағы перде ме, әйтеуір қабырғада ілулі тұрған шүберекке от тиген. Сынық терезе көзінен саққан желмен желпілдеп, газ баллонына баратын түтіккің үстің жалап-жалап өтеді. Маскара! Енді сәлден соң газ балоны атылып, мына үй аспанға бірақ шықпақшы. Болса да үй кеткен соң оның ішіндегі өңші де, оған ұйып отырған тыңдаушылары да бірге ұшпағанда не болуы мүмкін? Зәре-құтымыз қалмады. Сыртқы есікке қарай тұра ұмтылдық. Ал көзі нашар көретін Сейтмұхан есікті таппай, от шыққан бұрышқа қарай қашып барыпты. Әлгі жігіт екеуіміз қайта оралып, үй іесін жетелеп шығып, қолға түскен нәрселермен сабалап жүріп, отты әрең дегенде өшірдік-ау! – Мә, саған «Есіңе мені алғайсың!» – деді ауылдас інісі түтіндеген киізді сыртқа шығарып жатып. Бетіміз күйелеш-күйелеш болып бір-бірімізге қарап күлеміз. Құдай сақтады деген осы! Содан бері кездесе қалғанда Сейтмұхан: «Фронтвик» деп мәз болып қалады. Мен де қалып қалмай: «О, Газли!» деп қоямын. «Газ апатынан аман қалдық», дегенді мшаралағаным ғой... PS. Журналистің жұмысы қызық та қиын дегенге, қауіпті де деп қосса жаңылыспайсыз.

ПОЙЫЗДАҒЫ «ПРОИСШЕСТВИЯ»

Токсаныншы жылдардың соңы. Қоғамдық өзгерістерге жұрттың бейімделе алмай, бірде аш, бірде ток жүрген кездері. Елдің тұрмысы төмен. Әлеуметтік жәрдемақы, зейнетақы үш-төрт айда қолға бір тиеді. Азық-түлік, зат та тапшы. Осы кезеңдерде жамағаттың алдағы күндерге сенімін нығайту, Үкіметтің, аймақ басшысының елдің әлауқатын көтеру барысында бағдарламаларын елге жеткізіп, олардың орындалуы барысын ақпараттандыруда газеттердің рөлі өте күшті еді. Жұрт тасқа басылған сөзге сүйенеді. Бұл орайда газет қызметкерлерінің, тілшілердің еңбегі жанкешті жұмыс десем артық айтқандық емес.

Редакциядағылар қара күйе әріптерді редакция мен баспахана арасында әрі-бері тасып түнімен шапқылап жүргені. Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің онтустік аудандардағы тілшісімін. Аудандардағы ана ауыл, мына елді мекенді аралап, редакция тапсырмасын өз уақытында орындап, материалды дайындау керек. Ол кезде қазіргідей интернет байланысы түске де кірмейді. Бәрі де қолмен атқарылады. Станциядан тәнертенгі сағат 6-да қозғалатын «Тоқылдақ» аталатын шабан пойыздың вагонында қунара селкілеп отырғанмыз. Онан әрі жолай кездескен көлікке қол көтеріп, межелі жерге жеткенше асығыспыз. Трактор, матасекілі, тіпті жаю-жалпы да кете бересін. Екі-үш айда қолға тиер айлық та шамалы. Тек, «Елге қызмет жасап жүріміз, борышымызды лайықты атқару керек», деген ұстаным ғана журналистерді алға сүйреді... Шағын кіріспе сөзімді осымен доғара тұрайын, осы са-

парлар барысындағы қызықты оқиғаны айтайын. Шиелі станциясынан тәнертен бастап жолаушылар пойыздары өте бастайды. Көбінесе соған шығамын. Ығы-жығы адамнан вагонға міну де азап. Бірде сол жерде орыс газетіндегі әріптес інім Максұт Ибрашевтің кезіге кеткені. Осы кезде Өзбек-

есігін (не рабочий) салып-салып қалды. Өзбек проводниктің басы қылтып көрініп еді: «Мұнда қандай происшествия болып жатыр?» деді Мәкең сұстанып. Қудды бір тексеруші секілді. Жолсерік те мына оқыс сурақтан сасып қалды-ау, деймін, бірден деп мінгірлейді. Максұт лезде вагонға қарғып мінді де там-бурда тұрған шелекті теуіп кеп жіберді: «Мынау не деген мұсор?!» деді айқайлап. Өзбектің әпті өбден қашты. Осы мезет мен де вагонның ішіне еніп үлгердім. Максұт - «ревизор» енді тіптен зорайды: «Барлық жерде по-рядка болсын, тез-тез!»-дейді тісін шықыратып. «Айтпақшы,

айтқанының бәрін тап-туынақтай етіп орындап, былқ еткізбей облыс орталығына жеткізді. Қай-тарда да осындай тәсілмен қиналмай үйімізге оралдық. Біртіндеп мен де пойызға мінудің мына тәсіліне төселіп алдым. Қаһарлы «ревизор» інім тұрғанда не қам бар? Максұт вагонның есігін дүңкілетіп жатқанда, үстімде қара плащ, басымда қара кепкі, қолымда іші газетке толы қампаған қара папкі ұстап, үндемей тұрамын. Сәлден соң вагонның жайлы орнында шәй ішіп, тербеліп кетіп бара жатамыз. Кейде қойдың басында да мұжіп қалатын кездер болды. Осылайша бірер жыл жолымыз онынан болып жүрді. Тағы бірде Қызылордаға барайын деп вокзалға келсем, мұнда Максұтым жоқ. Әрі-бері қарап, қанша тықыршығаныммен көрінбеді. Жұрт жапырай вагондарға ұмтылысып жүр. Кейбірі сырттап қалып жатыр. Бұрыннан көріп жүргенім бар мен бұ жолы өзімше әрекет етпей-ін деп, вагонның ашылмаған есігін тұсына келіп, Максұттан көргенімді тарс-тарс ұрдым. Өзбектің басы қылтысымен, «Не происшествия бар?» дедім. Даусым қызық сурап тұрғанды солғын шықты-ау, деймін, проводник: «Оны не ма қыласыз?» деп есікті тарс жапса бола ма?! Ал тепловоз жүргелі гудоктағып жатыр. Қайтеін енді, келесі вагондардың біріне теңгемді беріп жүріп ілбебайлап іліндім. Бағыт күрметтің бірі жоқ, жапырлаған жұрттың арасында сығылысып зорға келемін. Кейін аңғардым ғой, Максұттың даусында сус, екпін бар екен. Сонымен қатар дистанция сақтау қажет. Есікті тартып ұрып болған соң жақын тақаламай, екі қадам шегініп тұрып айбат шегеді. Мә, өртіс!

Нұрмахан ЕЛТАЙ, «Сөз сойылды» Балғабек Қыдырбекулы атындағы сыйлығының лауреаты



стан пойызсы станцияға келіп кідіре берді. «Ойпырай, енді қай өзбекке жалынамын», деп уайымлап тұрмын. Максұтым сасар емес, «Нұреке, бері жүріңіз», деді де бір вагонның ашылмайтын

мына кісіні (мені көрсетіп) күдіпеге жайғастырып, шай-пәйді тезірек қамда!» деп бұйрығын да беріп үлгерді. Мына кереметті қарасаңызшы! Жолсерік оның

SERGEK

ҚОРЖЫНДА – ЕКІ ЖҮЛДЕ

Түркістан облысының Ленгер қаласында дзюдодан 2007-2009 жылдары өмірге келген жасөспірімдер арасында халықаралық турнир мәресіне жетті.

Биыл үшінші мәрте жалауын көтерген жарыста №5 облыстық балалар мен жасөспірімдер олимпиадалық резервтер мектебінің оқушылары жүлделі оралды.

Беделді бәсекеде Біржан Алдаберген (60 келі) өз салмағында қарсылас шақ келтірген жоқ. Нәтижесінде жеңіс тұғырына көтеріліп, алтыннан алқа тақты. Ал Досымжан Сақтан (81 келі) қола жүлде иеленді.

Жас балуандарды жарысқа Қайрат Төленов, Тұрар Баймаханов, Берік Байтабынов дайындады.

ЖАС ШАХМАТШЫЛАР ЖЕТІСТІГІ

Қостанай қаласында өткен шахматтан Қазақстан кубогында қызылордалық өрендер жеңімпаздар қатарынан көрінді.

Жарыс барысында классикалық түрінен Дінмұхамед Сайран 6 жасқа дейінгілер арасында жеңімпаз атанды. Ал 10 жасқа дейінгілер арасында Әмина Ерболтақызы мен Нұрасыл Несіпәлі екінші орынға ие болды. Соңдай-ақ, 8 жасқа дейінгілер қатарында Сабина Абылай үздік үштікті түйіндеді.

Шахматтың блиц түрінен Ернар Ержанұлы қола жүлдегер болды. Оған қоса Қаусар Әлі блицтен екінші, классикалық түрінен 14 жасқа дейінгілер арасында үшінші орын алды.

ҚАРМАҚШЫЛЫҚ ЖЕЛҒАҚТАР ТАБЫСТЫ ОРАЛДЫ

Қармақшылық желаяқтар Алматы қаласында өткен жеңіл атлетикадан жасөспірімдер арасындағы ел біріншілігінде жүлделі орындарға жайғасты.

Аудандық №15 мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде тәлім алатын Сымбат Мырзашқызы мен Мирас Жақсылық 2000 метрге жүгіруде мәре сызығын екінші болып қиса, Қымбат Мырзашқызы үшінші келді.

Әзірлетен Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

<p>www.facebook.com/syrboyi.kz/</p> <p>Меншік иесі</p> <p>СЫР БОЙЫ МЕДИА</p> <p>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p> <p>БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)</p> <p>БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)</p>		<p>Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)</p> <p>Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)</p>		<p>Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылғы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p>		<p>Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.</p> <p>Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.</p> <p>Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p>	
<p>Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".</p>		<p>e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz</p>		<p>Таралымы 24332 Тапсырыс №940</p>		<p>Кезекші редактор Биболат СӘТЖАН</p>	